



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## Сенатта көші-қон туралы заң қайта қаралды

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің кеңейтілген отырысы болды. Онда депутаттар «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстония Республикасының Үкіметі арасындағы адамдардың рет-адмиссиясы туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарады.

Қазақстан мен Эстонияның құзыретті органдары арасындағы заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимыл саласындағы тиімді ынтымақтастық үшін құқықтық негіз қалыптастыру заңның мақсаты болып табылады. Тараптар сондай-ақ мемлекеттердің аумағында келу, болу немесе тұру шарттарын орын-



дамайтын немесе орындауды тоқтатқан адамдардың жеке басын анықтаудың және қайтаруды ұйымдастырудың тиімді рәсімдерін белгілеуді, сондай-ақ осындай адамдардың транзитін оңайлатуды көздеп отыр.

Келісімді ратификациялау уағдаласушы тараптардың құзыретті органдарының заңсыз көші-қонның алдын алу және уағдаласушы мемлекеттердің аумақтарында болуға негізі бар адамдардың құқықтық мәртебесін реттеу саласындағы өзара іс-қимылы үшін құқықтық жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Отырыс қорытындысы бойынша заңды Палатаның қарауына жіберу туралы шешім қабылданды.

## Үкіметте экологиялық талаптарды сақтау жайы айтылды



Өткен жылдың қорытындысына сәйкес шығарындылар бойынша нормативтердің 3,3%-ға – 4,2 млн тоннадан 4,06 млн тоннаға дейін, төгінділер бойынша 8%-ға – 2,5 млн тоннадан 2,3 млн тоннаға дейін төмендеді.

Үкімет отырысында Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев экологиялық заңна-

маның сақталуын бақылау мақсатында 652 тексеру жүргізіліп, 1,6 мың құқық бұзушылық анықталғанын жеткізді.

«Олар бойынша жою туралы 628 тиісті ұйғарым берілді. 322 млрд теңгеге 2,1 мың әкімшілік айыппұл салынды, 11,3 млрд теңге мөлшерінде 1,8 мың айыппұл өндірілді. Қалғандары орындалып жатыр. Экологиялық жағдайды жақсарту үшін ірі кәсіпорындар жыл сайын табиғатты қорғау іс-шараларының жоспарларын әзірлейді.

Сонымен қатар жұртшылықпен, эоактивистермен, жергілікті атқарушы органдармен және табиғат пайдаланушылармен бірлесіп өңірлердің экологиялық мәселелері қаралды. Нәтижесінде олардың кешенді шешімі бойынша 18 жол картасы әзірленгені» айтылды.

«Созақ үні»-ақпарат.



## Президент белгілі мемлекет қайраткері Икрам Адырбековті қабылдады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет қайраткері, дипломат, Түркі мемлекеттері ұйымы Ақсақалдар кеңесінің мүшесі Икрам Адырбековті қабылдады.

Кездесу барысында былтыр қараша айында өткен Түркі мемлекеттері ұйымының X саммитінде Қазақстан тарапы Ұйымның қазіргі төрағасы ретінде ұсынған «Түркі дәуірі!» («TURKTIME!») бағдарламасының басты бағыттарын жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі тілдес мемлекеттердің мәдени, рухани, тарихи, саяси-экономикалық салалардағы байланыстарын нығайту қажет екенін айтты. Бұл ретте Мемлекет басшысы университеттердің филиалын ашу, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу, ортақ құндылықтарды дәріптеу, сонымен қатар қаржы, жасанды интеллект, IT және аэроғарыш өнеркәсібі секілді экономиканың басым бағыттары бойынша бірлескен жобаларды жүзеге асыру

жұмыстарына баса назар аудару керектігін атап өтті.

Өз кезегінде Икрам Адырбеков Түркістан қаласын түркі әлемінің рухани астанасы, бүкіл түркі халықтарына ортақ тарихи шаһар ретінде дамыту үшін атқарылуға тиіс шаралар туралы ой-пікірімен бөлісті.

Президент Түркі мемлекеттері ұйымының Ақсақалдар кеңесі бауырлас халықтардың өзара ықпалдасын арттыруға елеулі үлес қосатынына сенім білдірді.

## Гендерлік саясаттың ұлттық үлгісі

Сенат төрағасының орынбасары Ольга Перепечина БҰҰ Даму бағдарламасының Еуропа және ТМД жөніндегі Аймақтық бюро әкімшісі көмекшісінің орынбасары және директордың орынбасары Ник Хартманмен кездесті.

Төраға орынбасары еліміздің әйелдер құқықтарын қорғау және гендерлік теңдік мәселелерін ілгерілету саласында айтарлықтай нәтижеге қол жеткізгенін атап өтті. Гендерлік саясаттың ұлттық үлгісі, құқықтық база және адам құқықтарын қорғау тетігі жасалды.

«Мемлекет басшысы жүргізіп отырған әлеуметтік жаңғыртудағы негізгі бағыттардың бірі – елімізде гендерлік тепе-теңдікке қол жеткізу, әйелдердің саяси, экономикалық және әлеуметтік өмірге белсенді қатысуына тең мүмкіндіктер жасау. Сайлаудағы партия тізімдеріне, сондай-ақ депутаттық мандаттарды бөлу кезінде әйелдерге, жастарға және мүгедектері бар адамдарға заңнамалық деңгейде 30% квота енгізілді. Бүгінгі таңда еліміздің жоғары өкілді органы – Қазақстан Парламентінде 31 әйел бар, ол жалпы депутаттар санының 21%-ын құрайды. Оның ішінде Сенаттың 24%-ы, Мәжілістің 19%-ы әйелдер», деді Ольга Перепечина.

Кездесуге қатысушылар адам әлеуетін дамыту мен теңдей қатысу, тиімді институттар,



адам құқықтары мен гендерлік теңдік, сондай-ақ инклюзивті экономикалық өсу мен экологиялық тұрақтылық саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелерін талқылады.

Ольга Перепечина тұрақты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асуына мониторинг жүргізу жөніндегі парламенттік комиссияның отырыстары туралы айтып берді. Онда денсаулық сақтау мен білім берудің сапасын көтеру және экологияны қамтамасыз ету мәселелері қаралды.

Ник Хартманн өз кезегінде Қазақстанда жүргізіліп жатқан қоғамдық-саяси өзгерістерді жоғары бағалап, барлық бағыттағы ынтымақтастық аясын кеңейтуге назар аударды.



## МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР САПАСЫ БАҚЫЛАУДА

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің бастамасымен Созақ ауданы әкімі аппаратының ақпараттандыру және мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингі бөлімінің бас маманы С.Қарабаев және Созақ аудандық «Демеу» мүгедектер қоғамық бірлестігінің төрайымы, аудандық қоғамдық кеңесінің мүшесі Б.Смахова аудан әкімдігінің жер қатынастары бөліміне мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында қоғамдық бақылау жұмысын жүргізді.



Бақылау барысында бөлім тарапынан ұсынылатын мемлекеттік қызметтердің жағдайымен танысып, қыз-

мет алушыларға арналған қабылдаудың сапалы ұйымдастырылуы, өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы және бөлім ғимаратына кіріп-шығуына, дабыл батырмаларының жұмыс істеуі тексеріліп, мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін қолайлы жағдайлардың болуы сынды бірқатар мәселелер қаралып, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің тиісті деңгейінде ұйымдастырылуы бойынша ұсынымдар берілді.

## «ТҰРМЫС» ЖЕДЕЛ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ АЯСЫНДА МҰҚТАЖ ОТБАСЫҒА АЗЫҚ-ТҮЛІК ҮЛЕСТІРІЛДІ

«Тұрмыс» жедел профилактикалық іс-шарасы аясында Созақ аудандық полиция бөлімінің әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы Айжан Манапова бастаған және аудан әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшелері мен «AMANAT» партиясы аудандық филиал қызметкерлері көп балалы, тұрмыс жағдайы төмен отбасыға көмек көрсетті. Оларға өз тараптарынан бір айлық азық-түлікті үлестірді.

Жан жылытар қамқорлықты сезінген отбасы мүшелері ауданымыздың жанашыр азаматтарына алғысын білдіріп, жұмыстарына сәттілік тіледі. Сондай-ақ аудан әкімінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшелері осындай бағыттағы игі шарада мұқтаж жандар мен көпбалалы отбасылардың мәселелерін баса назарда ұстап отыратындықтарын тілге тиек етті.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.



тірілген 26 кен орнын игеруде. Барлық уран өндіруші кәсіпорындар Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан және уран өндіру кезінде денсаулық сақтауды, өнеркәсіптік қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды бақылаудың озық практикалары мен құралдарына (ISO 45001 және ISO 14001 сертификатталған) ерекше назар аударып, жерасты ұңғымалық шаймалау технологиясын қолданады.

Қазатомөнеркәсіптің баға-

## Қазатомөнеркәсіптің кредиттік рейтингін көтерді

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ Fitch Ratings агенттігі («Fitch») Компанияның рейтингін «BBB-» деңгейінен «BBB» деңгейіне көтергенін хабарлайды, болжам «Тұрақты». Қазатомөнеркәсіптің кредиттік рейтингі бір саты көтерілді.

Fitch-тің пікірінше, «BBB» рейтингі Компанияның жақсы несиелік қабілеттілігін, несиелік тәуекелдер бойынша болжамдардың төмендігін, қаржылық міндеттемелерді уақтылы өтеу қабілетін білдіреді. Қазатомөнеркәсіптің бағалауына әсер еткен негізгі факторлар левелдердің төмен деңгейі, уран бағасының оң динамикасы, нарықтағы мықты орны, баламалы көлік бағыттарының болуы және болжамды жоғары дивидендтер болды.

Fitch компанияның 75% акцияларына иелік ететін «Самұрық-Қазына» АҚ атынан (үкіметпен байланысты

компаниялар бойынша Fitch рейтингтік өлшемшартына сәйкес) Компанияның мемлекетпен шектеулі байланыста екеніне байланысты Қазатомөнеркәсіпті дербес негізде бағалады. Бағалау кезінде сондай-ақ, Компанияның уран өндіру бойынша әлемдік көшбасшы ретіндегі тұрақты орны, жеткізу келісімшарттарының мықты портфелі және уран өнімінің негізгі тұтынушыларымен тұрақты ұзақ мерзімді қатынастары да ескерілді.

Айта кетейік, Қазатомөнеркәсіп - 2022 жылы әлемдік бастапқы уран өндірудің жыынтық көлемінен шамамен 22%-ы мөлшерінде компанияның қатысу үлесіне барабар табиғи уран өндіретін әлемдегі ең ірі уран өндіруші. Топтың саладағы ең ірі резервтік уран базасы бар. Қазатомөнеркәсіп еншілес, тәуелді және бірлескен ұйымдармен бірге 14 уран өндіруші кәсіпорында бірік-

ты қағаздары Лондон қор биржасында, Astana International Exchange биржасында және Қазақстан қор биржасында орналастырылған. Қазатомөнеркәсіп Қазақстан Республикасының Ұлттық атом компаниясы болып табылады және топтың негізгі клиенттері - атом өндіруші қуаттардың операторлары, ал өнімдер үшін негізгі экспорттық нарықтар - Қытай, Оңтүстік және Шығыс Азия, Солтүстік Америка және Еуропа. Топ уран және уран өнімін жеткізуді ұзақ және қысқа мерзімді келісімшарттар бойынша, сондай-ақ споттық нарықта тікелей Астана қаласында орналасқан корпоративтік орталығынан немесе Швейцариядағы еншілес сауда компаниясы Trading House KazakAtom (ТНҚ) арқылы жүзеге асырады.

Нұржамал МАЙУСОВА.



## ОКРУГ ӘКІМДЕРІ МЕН БӨЛІМ БАСШЫЛАРЫНЫҢ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ ТЫҢДАЛДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің төрағалығымен кезекті аппарат мәжілісі өтті. Мәжілістің күн тәртібіндегі мәселе өткен жылы атқарылған жұмыстар мен алда тұрған міндеттер туралы аудан әкімдігінің экономка және қаржы бөлімінің басшысы Ербол Айдарбеков, құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Жалғас Борсабаев хабарлама жасады. Сондай-ақ Жартытөбе ауылдық округінің әкімі Данияр Жүсіпов, Құмкент ауылдық округінің әкімі Ерзат Балықпаев пен Сызған ауылдық округінің әкімі Хайырқұл Мейірбекұлы атқарылған жұмыстар мен

биылғы жылғы жоспарларын баяндады.

Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы күн тәртібінде қаралған мәселелер мен атқарылар жобаларға жан-жақты тоқталып, округ әкімдері мен сала мамандарына нақты тапсырмалар жүктеді. Сонымен қатар, ауыл азаматтарының табысын арттырып, жұмыссыздық деңгейін азайту бойынша да атқарылу керек шараларды бірлесіп талқылады. Бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі жандандыру бойынша жүктелген тапсырмалар арнайы хаттамаға енгізілді.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

## Кітап көрмесін ұйымдастырды

Аудандық орталық кітапхананың оқырмандарға қызмет көрсету бөлімшесі батыр Рахымжан Қошқарбаевқа арнап, «Қаһарман. Батыр. Азамат» атты кітап көрмесін жасап, жалпы оқырмандарға насихаттады.

Мақсаты: Жасөспірімдерге соғыс, жеңіс, бейбітшілік туралы түсінік бере отырып, Ұлы Отан соғысына қатысқан қазақстандық батырлар жайлы, ауданымыздан қатысқан батырлар жайлы және Рахымжан Қошқарбаевтың ерлігі жайында түсініктерін қалыптастыру. Оқушыларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Оқырмандарға қызмет көрсету бөлімшесінің кітапханашысы А.Сарыбаева Р.Қошқарбаев туралы мағлұматтар беріп, ол кісінің ерліктерін, марапаттарын тарқата баяндап, бұл соғыста қаншама аналар ұлдарынан, балалар әкелерінен, аналар жарларынан айырылды. Көптеген қандастарымыз хабарсыз кетті. Соның ішінде біздің ауданымыздан да қатысқан көптеген аталарымыз бар. Бұл сұрапыл соғыста ерлермен бірге әйел адамдар да болды. Олар ұшақпен көкке самғады, танк жүргізді, пулемет арқалады, ұрыс дала-сында мергендік көрсетті деп жастарға батырдың ерлігі мен қоса қан майданың салдарын айтып, бейбітшілік жолында жан пида еткен батырларымызға құрметіміз жоғары болуын ұн қатты.

«Созақ үні»-ақпарат.





# АУЫЛЫМ...

Қазақ халқында Ауыл түбі-бірлік, қауым түбі-тірлік деп бекер айтпас керек. Ертеден көшпелі ғұмыр кешкен қазақ халқының ежелгі мекені-ауыл болғаны анық. Яғни ауыл, ауыл-дәстүрлі қазақ қоғамында ежелден қалыптасып келе жатқан өркениетті дәстүрлі қоғам келбеті. Әлемнің ең асылы ана болса, ал ауыл барлық халықтың анасы, тіршіліктің тұтқасы десек те болады. Әрбір ұлттың түп-тамыры ауылдан бастау алады. Ауыл негізінен этникалық және рухани маңызға ие. Өйткені жалпы қазақ даласындағы ауылдарды алсақ әрбір қазақ даласындағы ауылдар, әрбір дәстүрлі қазақ ауылы әрбір атадан тараған ел мүшелерінен тұрады.

Ауыл осы аяулы есімді өзіне тура алғандай. Ауыл дегенде айтылар олар өте көп. Әрбір ауылда туған адам ауылдың қандай кереметтілігін түсінетіні сөзсіз. Ауыл, ауыл демалатын жер осы емес пе? Шулы шаңды қаланың қарбалас пен мәңгілік асығыстығы адамды қажытады және шаршатады, ауылдың асықпайтындығы, күйбең тіршілікті, асықпай жайбарақат жүріп істейтіндігі бәрі-бәрі ауылдың кереметтілігін айқындай түскендей болып көрінеді. Ауыл ең ғажайып тіршілік ететін орын. Қаладағы шудың әсерін, бір-бірін қағып-соғып асығып жатқандығын көріп көп адам ауылға қайтқысы келетіні хақ. Бірақ ауылдың тіршілігі жақса да ауылдан көпшілік адамға жұмыс табылмайтындығы олда анық нәрсе.

Ауылды дамытуға қазіргі кезде үлкен күштер салынып жатқан жайы бар. Нәтижелері де көзге көрінетіндей жасалып жатыр. Бірақ қалаға кетіп жатқан жастардың саны өте көп. Өйткені айтып өткеніміздей, жұмыс мәселесі нақты шешіле қоймады. Шешілсе де ол қаржымен балашағасын асырау қиындау екені бізге беймәлім еместігі тағы бар. Ауыл шаруашылықтың мекені. Көп егін-дақылдар осы біздің кішкентай ауылдарымыздан шығатыны бар.

Ауыл тыныштықты қалайтын, таза ауа, таныс адамдар, жаймашуақ күн бәрі-бәрі ауылдың келбеті. Ауыл жаңа айтып өткеніміздей қазақтың бастауы, қазақты, қазақ қылған әрі қарай көштен қалдырмаған, қазақтың бастауы бола алатын қара шаңырақ. Ауыл дегенде-ауылдан жырақ жүрген бауырларымыз ауылын қатты сағынатынын бірден байқауға болады. Ауыл бізге не бере алды? Ауыл бізге қазақтың қара шаңырағы іспетті, алға қарай қадамдап шыға алатын, алға қадамдауды үйрете алатын, алға қарай жетелей алатын адамдарды ел басшыларын немесе ғылымға үлесін қосып жүрген тұлғаларды шығарып бере алды. Ауыл жайлы жазбаған жазушы, шықпаған өлең қалмаған шығар сіре, бірақ әлі де ауыл жайлы жазылтан шығармалар, оқылатын өлеңдер әлі де керек екені мәлім. Ауыл құлдырап бара жатқан ауылдарды өркендетіп, жаңа тыныс беріп, алға қарай ұмтылатын басқа емес сол ауылдан шыққан азаматтар екені жа-

сырын емес.

Ауылды құлдыратып жатқан нәрсе не? Біріншіден білім беретін сала, ақсап тұрғаны және денсаулық сақтау саласында да маман жетіспегендігі, ең маңыздысы жұмыс жоқтығы дәлел бола алады. Жұмыс жоқ жерде тіршілік нәрі де шықпайтыны белгілі. Тіршілік нәрін шығару үшін, көптеген жұмыс түрлерін, үлкен шаруашық болсын, мал шаруашылығы болсын, адамға зиян тиетін зауыттар мен экологияны ластайтын нәрселер болмаса таза, ауа құрамын ластамайтын жұмыс түрі болса ешкімде зардап шекпей ауылды одан әрі көркейтетіні анық жайт.

Ауыл-аймақ деген сөздің өзі қос сөзді тұтас алсақ та немесе оның құрамындағы ауыл мен аймақ сөздерін дербес қарағанда да мағынасы кез келген адамға түсініксіздік тудырмайды. Алайда басқа түркі тілдерінің немесе туыс саналып жүрген өзге тілдер дерегіне үңіле қарасақ, осы сөздердің қай-қайсысында да тұңғыш, алғашқы мағыналары болғандығы анықтала түскенін аңғара аламыз. Бұл сөздерді неге келтіріп отырмыз? Өйткені ауыл-аймақ аман ба деп сұрағанның өзінен ауылдың маңыздылығын көруімізге болады. Қашанда халқымыз үшін ауыл-руханиятымыздың алтын бесігі, байлығымыздың бастауы екені даусыз. Ауылдың таза ауасын жттып, тұнық суын ішіп, көркем табиғатынан қуат алып өскен әрбір азамат өзі туған топырағын барынша қадірлеп-қастерлеуге тиіс.

Ауыл-деген қазақ. Ауылдың жағдайы жақсы болса, қазақтың да жағдайы жақсы деп нық сеніммен айтуымызға болады. Ауыл десе елең етпейтін қазақ кемде-кем болар бәлкім. Ауыл қазақты тәрбиенің қайнар көзі, дәстүр мен діннің ордасы. Анығында қазақта ес болса, ауылды сақтау керек. Сақтау аз, бүгінгі заманның талабына сай көркейтп, гүлдендіруміз әрбір қазағым деп шырылдайтын, қазақпын дейтін әрбір адамның қасиетті борышы болып саналады. Бейімбет Майлин атамыз айтқандай: Гүлденсе ауыл, гүлденеміз бәріміз деп жайдан-жай айтпағаны бізге мәлім. Ауылдың қай-қайсысын алып қарасақ та ауыл дейтін бітпейтін байлық, өшпейтін дастан, таусылмайтын қырат. Ауыл жайлы айта берсек қазақтың бітпейтін шежіресіне салт-дәстүріне барма-сақта алдымыздан шығары хақ. Ауыл бір керемет сезімге бөлей алатын қазақтың астанасы десек артық айтпаған болар едік. Сөзіміздің соңында мына шумақпен аяқтасақ:

*Ауылым алтын бесігім,  
Сағыныш сенің өсімің.  
Менің ауылым деген сөз,  
Есте ғой сенің өсімің.*

*Жусан иісі аңқитұғын тауында,  
Атаң-әжең бауырында ауылда.  
Кей-кездері ауылыңды аңсайсын,  
Ауыл дейтін қазақтың мәңгі жанында.*

**Еркебұлан ДАЙРАБАЙ,**  
газеттің штаттан тыс тілшісі.

## Үнқосу

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Егемен Қазақстан» газетіне берген сындарлы сұхбатында өзекті мәселелер көтерілген. Әсіресе Ата заңның үстемдігін қамтамасыз ететін Конституциялық сот, еліміздің ішкі-сыртқы саясатты, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық да-

Президент біздің биылғы экономикалық стратегиямызды мына абзацпен нақты түсіндіреді; «Әлемдегі экономикалық ахуал біздің елге де салқынын тигізетіні сөзсіз. Алайда кез келген қиындық жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Үкіметтің жел қайдан соқса да, желді өзіне бұра алатындай жан-

## Өзекті мәселелер көтерілген

муы, Үкіметтің стратегиялық міндеттері, Қаңтар қасіреті, Ұлттық құрылтай, қоғамдағы тұрмыстық зорлық-зомбылық, АЭС құрылысы секілді өткір тақырыптар жан-жақты қамтылған.

Президент Үкіметтің қолына барлық қажетті құралдар мен өкілеттілік берілгенін және Үкіметке сенетінін айтты. «Инвестиция штатын құру туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл штатқа еліміздегі инвестициялау ақуалды жақсарту және инвестициялық жобаларды сапалы жүзеге асыру үшін ауқымды өкілеттік берілген», деп түсіндіреді мемлекет басшысы.

жақты ойластырған жоспары болуға тиіс. Экономиканың өсімін ынталандыру шаралары мен құрылымдық реформалар қатар жүруі керек. Нақтырақ айтсақ, кәсіпкерлік пен бәсекені дамыту, жекеменшікті қорғау, әділ сот төрелігі болуы өте маңызды.

Сонда ғана көздеген мақсаттарымыздың бәріне қол жеткізіп, белгіленген мерзімде ұлттық экономика көлемін екі есе ұлғайта аламыз»

**Рыскелді САПАРБАЕВ,**  
Созақ аудандық мәслихатының депутаты, кәсіпкер.



## "ОТБАСЫ БАНКІНІҢ" КЕЗЕКТІ КЕҢЕС БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Аудан орталығынан «Отбасы» банкінің кеңес беру орталығы ашылды. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабилбек Еспенбетов жаңадан ашылған орталықтың лентасын қиып, банк қызметкерлерінің алдағы жұмыста-

рына сәттілік тіледі.

Сонымен қатар, игі шараға аудандық «Созақ үні» газетінің бас редакторы Сәрсенбек Теңізбаев, «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің төрайымы Нұржамал Майусова мен бірқатар бөл-

ім, мекеме қызметкерлері қатысып, ізгі тілектерін арнады.

Айта кетейік, Сіз кеңес беру орталығында депозит ашып, өз баспанаңызға алғашқы қадам жасайсыз және несиеге өтінім беріп, алдын ала мақұлдама мен банк өнімдері жайлы толықтай ақпарат алуға болады. Сондай-ақ Сіз кеңесшіні өзіңізге ыңғайлы уақытқа, жұмыс орныңызға немесе үйге де шақыртуға болады. Видеоқоңырау арқылы да онлайн депозит аша аласыз.

Орталықтың мекенжайы:

Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесінің бойында (Созақ аудандық орталық емханаға қарсы) орналасқан.

«Созақ үні»-ақпарат.

## ӘКЕМ АЙТҚАН АСЫЛ СӨЗ

«Ата-сая болар бағың болса, Әке-асқар тауың»-дейді қазақта. Бүгінгі ұл-ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз-ертеңгі ана, ол шешеге қарап өседі, бой түзейді. Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші ата-ана. Осы орайда, мектебімізде «Әкелер мектебі» жобасы аясында «Атадан қалған асыл сөз» тақырыбында кездесу өтті. Аталған іс шараға «Әкелер мектебінің» төрағасы- Тұрғанбаев Берік Мыңжанұлы келді.

Берік Мыңжанұлы-ең алғаш Т.Әлімқұлов атындағы 14 мектеп интернат-лицейінде интернат тәрбиешісі, биология пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастаған. 1989-2022 жылдар аралығында мектеп директоры қызметін атқарған. Жұмыс атқарған жылдары ішінде облыстық, аудандық білім беру ұйымдарының тарапынан мақтау қағаздарымен, Білім министрінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Мектептегі басшылық қызметімен қатар, аудан халқының әлеуметтік жағдайын көтеру мақсатында үлкен жұмыстар атқарды.

2017 жылы Т.Әлімқұлов атындағы 14 мектеп интернат-лицейіне қайта директорлыққа келіп, 2023 жылы осы мектептен зейнеткерлікке шыққан. Қазіргі таңда аудандық «Ақсақалдар кеңесінің» төрағасы,

«Аманат» партиясының бақылау комиссиясының төрағасы болып жұмыс атқаруда. Тәлімі мен тағлымы мол «Әкем айтқан асыл сөз» тақырыбындағы іс-шарамызға 8-11 сынып оқушылары қатысты. Берік ағайға сұрақтар қойы-



лып, тілектер айтылды, сондай-ақ, оқушыларымыздың әке туралы жыр шашулары өлең жолымен жеткізіліп, әндері шырқалды.

«Әкелеріміз бізге кезінде қандай ақыл, өнеге айтты, сол тәрбиені біз өзімізден кейінгі ұрпаққа жеткізуіміз керек. Баланы дұрыс бағытқа бағдарлау көп жағдайда әкеге байланысты. Ал, әкені сыйлау, құрметтеу, оның отбасындағы орнын қастерлеп, қадірлеу кез келген баланың перзенттік борышы. Жас кезінде еткен еңбегің өзіңе қызмет етері анық. Сондықтан білім алудан қашпаңдар, ата-ананы сыйлаңдар!»-деп тілек білдірді Тұрғанбаев Берік ағай.

Аталған жоба алдағы уақытта өз жалғасын табатын болады.

**Ақбаян ОМАРБЕКОВА,**  
Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп-лицей интернаты директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.



Олар 18-23 жасында опат болды. Өмірге шыр етіп келгелі не көрді? Жар қызығы, жастық шақ, бозбала шақ, жігіттік шақ, әнге қосып шырқайтын 25 жасты да көрмей кетті. Не үшін кетті? Отан үшін, ел мен жердің ертеңі үшін, сіз бен біздің тыныш бейбіт өміріміз үшін жас жандарын қиды!

Отан үшін шейт кеткен, өрімдей қыршындар алдында сіз бен біз қарыздармыз. Оларды қатыгез соғыс жалмады. Өрімдей 18-23 жас! Бейбіт өмірде тірі жәндікке зияны жоқ бозбала жігіттер, жаумен бетпе бет келіп қолма қол шайқаста бірнеше фашистің көзін жою деген не деген ерлік!

Біздің бүгінгі кейіпкеріміз Ұлы Отан соғысының көзсіз батыры, жалаңтөс жауынгер, лейтенант Дәуренбеков Әжібай туралы болмақ.

Дәуренбеков Әжібай 1921 жылы 15 желтоқсанда Созақ ауданы, Шолаққорған ауылында дүниеге келген.



Жау жағы да соңғы демін алып өліспей беріспей қатты қарсыласып бақты. Польша жерін жаудан азат етудегі осы шайқас Ұлы Отан соғысы тарихындағы Ұлы Жеңістің бастауы еді. Жиырма екі күнге созылған алапат шайқаста Әжібай Дәуренбеков ауыр жараланып, бірденнен госпитальға түседі. Ол госпитальға түскенде ес-түссіз жатыр еді....

Достары Әжібайдың айтуымен елге аман есендігін білдіріп хат жазды. Бұл оның соңғы ақырғы хаты болатын. Ол сол ауыр жарақаттан 1945 жылы 23 февральда ерлікпен қаза табады. Осылайша есіп ер соғыстың бітуіне 75 күн қалғанда соңғы демі үзіледі.

Мүрдесі сол уақыттағы Германияның аумағы саналатын Тифенфурт (Силезия) қалашығының бауырластар зиратына жерленеді.

Тоғыз кластық білімі бар Әжібай 1943 жылы Коммунистік партия

тандырды. Соңғы демі қалғанша соғысып, оқ-дәрілер таусылған сәтте қолма қол ұрысқа атакаға шығып жеке қарумен 12 неміс солдатты өлтіріп, жау шабуылына жанқиярлықпен тойтарыс береді. Жеке батылдығы мен ержүрек ерлігі үшін кіші лейтенант Дәуренбеков Үкімет наградасы «II дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденімен наградталуға лайықты»

1237 атқыштар полкінің командирі, майор Ерманов.

2 қыркүйек, 1944 жыл.

Әжібайдың жоқтаушысы, туған бауыры Жәгібайдың ұлы Сарын Мәскеудегі әскери архивтерге хат жазады. Ол жақтан «Куәлігі, құжаттары, орден, медалдары бізде сақтаулы. Арнайы жәшікте тұр» деген жобада жауап хат келеді.

- Қазақстан Республикасының Польшадағы елшілігіне, Польша Ре-

## «Халық қаһарманы» атанатын уақыт жетті!

Дәуренбек төрт ағайынды болатын. Дәуренбек, Дәуіт, Жәукебай және Тәукебай бәрі де Қарсыбай деген кісінің балалары.

Дәуренбектің өз кіндігінен Әжібай, Жәгібай атты ұлдары болған. Әжібай ауыл мектебінен хат танып, кейін ат жалын тартып мінер шақта Алматы, берісі Түркістан, Ташкент сияқты іргелі ілім-білімнің ордасы болған қалаларда білімін жетілдірмек болып жүргенде қу соғыс басталады. Сөйтіп Өзбек ССР-і Ташкент облысы, Піскент аудандық әскери комиссариатынан 1941 жылы 6 желтоқсанда Қызыл Армия қатарына шақырылады.

Әжібай 1941 жылы САВО-дағы 89-шы өзбектер бригадасында қатардағы жауынгер, одан сержант (1942 жылы), 209-шы запастағы атқыштар полкінде (1942 жылы 30 наурызда) старшина, 1943 жылы 1 қазанда кіші командирлер даярлайтын 6-айлық курста оқып кіші лейтенант шенін алады. 1944 жылы 15 шілдеде 52 армияның құрамында минометтік взвод командирі, 1944 жылы 27 шілдеде жоғарыдағы 373-ші дивизияның құрамындағы 1237 атқыштар полкі құрамында 82 мм-лік минометті взводтың командирі болады.

-Кезекті кескілескен шайқаста ауыр жараланып госпитальға түседі. Госпитальда өзі хат жазуға шамасы болмай қасындағы қарулас жолдас-тарына хат жаздырады. Бұл оның артында қалған жалғыз бауыры Жәгібайға жазған ең соңғы хаты болатын. Кейін Тифенфурт қаласы Польшаның иелігіне өтеді. Хат-хабарсыз кетеді. Әкем өмірінің соңына дейін бауырын іздеумен өтеді. Үйге келген қонақтар болсын, жазушы-журналистер болсын міндетті түрде бауырын табуға әрекеттеніп іздегіріп жүретін. Кейін егемендік алып, интернет жүйесі дамыған жылдары түрлі сайттардан өзіміз іздегіріп бастадық. Сөйтіп біршама деректерді таптық-дейді Жәгібайұлы Сарын бауырымыз.

Әжібай қызмет атқарған 373-ші атқыштар дивизиясы 1941 жылы 15 қарашада Челябин облысы Чебаркул (Шұбаркөл) қаласында құрылады. Дивизия құрамы кешегі соғыстың алдында колхозда жұмыс істеген колхозшылар, жұмысшылар мен қызметшілерден, госпитальдан ем алып шыққан жауынгерлерден жасқалады. Аталмыш дивизия арнайы тексеруден өткеннен кейін 1941 жылы 22 желтоқсанда тікелей майданға аттанады. Осылайша жаңадан құрылған 373-ші атқыштар дивизиясы 39 армиясының құрамына енеді.

1944 жылы 12 шілде 2-ші Украина майданында 52 армия, 373-ші Суворов орденді, Қызыл тулы Миргородский атқыштар дивизиясы, 1237

атқыштар полкінің, минометшілер взводының командирі – кіші лейтенант шенінде әскери ұрыс қимылына қатысады.

1944 жылы 29 тамызда Румынияның Леошти деревнясы аумағында болған жаумен бетпе бет ұрыста бөлімшесін шебер басқара отырып 95 гитлершілерді жер жастандырды. Соңғы демі қалғанша соғысып, оқ-дәрілер таусылған сәтте қолма қол ұрысқа шығып өзінің жеке қаруымен 12 неміс солдатты өлтіріп, жау шабуылына жанқиярлықпен тойтарыс береді. Әжібайдың соңғы шайқасы өте ауыр болады. 1945 жылдың 12 қаңтар мен 2 ақпаны аралығында 1-ші Украин майданында Оңтүстік Польшаның Кельце-Радом аймағын неміс басқыншыларынан түгелдей тазарту мақсатында Сандомир-Силезск шабуылды операциясы ұйымдастырылғанын тарихтан жақсы білесіздер. Құрамында кіші лейтенант Әжібай Дәуренбеков басқаратын бөлімше бар кеңес әскері соңғы қарқынды шабуылға шықты. Неміс командованиясі бұл бағытқа аса зор мән беріп, барлық күшті осы бағыттағы майдан шебіне салды. Өйткені, кеңес әскерлері үшін Германияға ауыз салуға жақын, әрі тікелей оңтайлы, ал немістер үшін орасан жеңіліс әкелетін бағыт болатын.

Немістер жеті қорғаныс шептерін, жалпы көлемі 450 шақырым аумақтың қорғанысын күшейтуге баса назар аударды. Кеңес Одағының маршалы И.С.Конеv басқаратын 1-ші Украина майданында 6-шы, 13-ші, 21-ші, 52-ші, 59-ші, 60-ші армиялары, 3-ші және 5-ші гвардиялық армия, 4-ші танк дивизиясы, 7-ші механикаландырылған корпус, 2-ші әуе армиясы Берлин-Дрезден бағытына бет алды.

Осылайша жасақталған өте қаһарлы, қауіпті, шабуылды майдан шебі басталды. Өліспей жан беріспей Жеңістің оңай келмейтінін ұғынған жауынгерлер жаумен соңғы оғы қалғанынша айқасуға дайын еді.

...Бұл 1945 жылдың ақпаны болатын. Жер беті түгел аппақ қар. Аяз бен үскірік жел өңменіңнен өтеді.


мүшелігіне тіркеліп, №6011755 куәлігін де алған еді.

Дәуренбеков Сарын бауырымыздың ізденуімен Қазақстан Республикасының Польшадағы елшілігіне, Польша Қызыл крест қоғамының Варшава қаласындағы іздестіру ұйымына бірнеше рет хат жолданады. Әжібай Дәуренбековтің мәңгілік тыныс тапқан мекені туралы нақты жауап та келеді. Ол бұрынғы немісше атауы Тифенфурт, қазіргі поляк жері болған Парова селосы, Осечница коммунасы, Болеславскі ауданындағы (Ниже Силезский ұлы-

спубликасының Қазақстандағы елшілігіне, Елшілік арқылы Польша Қызыл Крест іздестіру қоғамына, Ресей Федерациясы Қорғаныс Министрлігіне хаттар жолдадық. Ақыры атамыз туралы біршама деректерді де таптық. Алла жазса Мәскеудегі архивке, атамыздың соңғы демі үзілген Польша мемлекетіне барып, зиратына даға жасап, құран бағыштап, туған жерінің бір уыс туған топырағын жеткізсек деген мақсатымыз бар,- дейді Сарын бауырымыз.

Ат үстінде көкпар тартып, аударыспақ ойнап, көкорай шалғында алыса күрескен апайтес, балаң балуан, бұла күшті бозбала жігіттер қарадай қара қара аязда қалтырап жүрген фашистердің қабырғасын күтірлете сындырып, мойнын бұрап жұлып алуы бесенеден кәдік еді. 1930 жылы ақпандағы қызыл өкіметке қарсы ұйымдастырылған Созақ көтерілісі, тарихта «Аллаһу» деген атпен әйгілі бас көтеру арқылы аудан бертінге дейін Мәскеудің назарында болып, саяси теріс көзқарасқа ие болды. Соның зардабынан ҰОС-да созақтық батырлардың ерен ерліктері ескерусіз қалды. Әйтпесе 10-ға жуық Социалистік Еңбек Ері шыққан ауданнан бір батырдың шықпауы мүмкін емес. Не сонда біздің аналарымыз қалжа жемеп пе?! Бұл қазақтың үш жүзінің басын қосқан, алғаш қазақ хандығының астанасы болған сансыз баптар мен батырлар, әмбие-әулиелер мекені болған Созақ ауданының халқы үшін сын болмақ. Сондықтан біз әңгімемізге арқау етіп отырған қазақ жауынгерлерінің ерен ерліктерін лайықты бағалауын сұранып Қазақстан Республикасы Президенті Қасым Жомарт Тоқаевтың атына арнайы жазып 373-ші дивизияның құрамындағы 82 мм-лік минометті взводтың командирі, лейтенант Әжібай Дәуренбековке, әскери ұшқыш, лейтенант Құрал Рүстемовке, мерген Құрманбай Әлібаевқа, «Халық қаһарманы» атағын беру туралы ұсыныс беруіміз қажет. Сонымен қатар, Әжібай Дәуренбеков сияқты батыр ұланға аудан орталығындағы атаусыз көп көшелердің біріне есімін беру де жас ұрпақ үшін ұлағатты насихат, отаншылдық рухқа тәрбиелеуде нағыз өнеге болар еді. Бұл жерде депутаттар, ардагерлер, жастар ұйымы, зиялы қауым өкілдері тікелей қолдау білдірулері маңызды болмақ!

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ,**  
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.



сы, Виллова көшесі) зиратта жерленген екен.

Награда парағында: (қазақша аударып жаздық)

**Кіші лейтенант Әжібай Дәуренбеков 1944 жылы 20 тамызда немістермен болған ұрыста өзін тез шешім қабылдай алатын, тәжірибелі, батыл командир ретінде көрсете білді. 1944 жылы 29 тамызда Румынияның Леошти деревнясы аумағында болған жаумен бетпе бет ұрыста бөлімшені шебер басқара отырып 95 гитлершілерді жер жас-**



# Ғылым өмір шырағы

Кез келген елдің, қоғамның дамуы ондағы ғылымның дамуымен тығыз байланысты. Ғылым мен оны зерттеуге көңіл бөлу сол мемлекеттің болашағын анықтайды.

Білім – ақылдың нұры. Ол адамдарды өмірді сезінуге, шындықты қабылдауға, рухани және материалдық әлемді түсінуге, ойлау қабілетін қалыптастыруға шақырады. Ғылым – өмірдің жарығы. Бұл адамдарға бақыт әкеледі, жарыққа шақырады, нағандықтан бас тартады. Ақылды адамдар–қоғамның көшбасшысы.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с.): «Әрбір мұсылманға білім іздеу парыз», – деп айтқан. Бесіктен қабірге дейін білімге ұмтылу мүмін үшін өмір жолы болуы керек. Халқымыздың білім туралы мақал-мәтелдері көп. Дана халқымыз білім алууды ерте-кеш болмайды деп айтады. Оның «Білім инемен құдық қазғандай» дегені бекер емес. Ғылым–шекіз ғалам, түпсіз құдық. Оның ешқандай шегі жоқ, оны толығымен игеру үшін өмір бойы уақыт қажет емес, ал сіз оқыл шығуыңыз керек нәрсе ғалымның шеберлігіне, тәжірибесіне, шыдамдылығына әрине, шебер ұстаздың басшылығына байланысты.

Ағартусыз мақтану дегеніміз–надандық. Сондықтан да данышпандар айтады – «Білімді тоқылған ат сияқты, білімдіге дос, нағандық дұшпан»,–дейді. Айта кету керек, бүкіл тарих бойында білімсіздіктің салдарынан туындаған барлық қатынастар қақтығыстарға айналып, қоғамның дамуына кедергі келтірді. Білімді адамдар тұратын және жұмыс істейтін жерлер жарқын деп саналғанымен, білімсіз адамдар тұратын жерлер қараңғы саналған. Олар әрдайым білімді адамдарға қызғанышпен қарайды, олардың арасына әр түрлі алауыздық қойып, бедел мен қызығушылықты алуға тырысады.

Білімді адамның сөзі тез түсінікті болады, нағандықтан сенімсіздік күшті болады, ал сөйлегенде абстракция көп болады. Нағандық адам белгілі бір пайда үшін білім жолымен жүрсе де, ол алғаннан кейін сол білімге адалдығын жоғалтады, ғылымның таза қасиеттерін бұрмалап, жаңа пайдаға ұмтылады. Мұндай адамдардың бәрінен аулақ жүру керек деп санайды. Отбасын құру үшін ғылымды үйренудің маңызы зор. Демек, отбасылық мәселелердің шешімі тәжірибелер негізінде жазылған еңбектерде жүзеге асырылады. Сондай-ақ, бұл дүние мен ақырет бақытын табу үшін ғылымды зерттеу қажет. Білім–бұл шексіз мұхит. Сондай-ақ, ағартушылықты қажет ететін, өзі үшін, отбасы үшін, қоғамның дамуы үшін ғылыммен айналысатын адам алдымен жақсы мұғалімге баруы керек.

Дәстүрлі Ислам дінінің басты қайнар көзі–білім, ғылым мен ғалымдардың мәртебесі жоғары екендігіне баса назар аударады. Хадисте ғылым туралы, оның сұранысы және ғалымдар туралы көптеген дәлелдер бар. Ғылымның барлық саласында жаңалық ашылды, ұлы ғалымдар пайда болды. Сондықтан ғылымға қызығушылық танытау, одан бас тарту–надандық. Адам дүниеге келгеннен бастап соңғы деміне дейін білімді іздеп, өмірлік білім іздеуші ретінде сезінуі керек, бұл олардың екі дүниелік бақытының кілті болып табылады.

Құран аяттары білімнің шегі жоқтығын, адамдарды жоғары деңгейге көтеретінін, білімді адамдардың абыройы қоғамда ғана емес, Жаратушының алдында да жоғары екендігіне баса назар аударады. Ғылым мен ағарту адамды мақсатына жеткізеді. Білімді игерудің дәл осындай кезеңі – жастар. Демек, жастық шақта үйренген ғылым – таспен ойылған өрнектің үлгісі.

Біздің елде білім алу үшін барлық жағдайлар жеткілікті. Біз әлемді ғылымның құпияларын жете зерттеп, өмірін ғылымға арнаған ұлы ғалымдардың ұрпағы екенімізді ұмытпауымыз керек. Біз ата-бабаларымызбен мақтанамыз, бірақ сонымен бірге бізге жүктелген жауапкершіліктің ауырлығын сезінуіміз керек.

Біз қымбат уақытымызды бос мақсаттарға жұмсамай, өзіміз үшін жасалған үлкен мүмкіндіктерді пайдаланып, ағартуға тырысуымыз қажет. Заманға сай өмір сүру, бүгінгі жаңалықтардан хабардар болу–уақытқа сай болудың маңызды шарты. Осыған орай қазіргі жастар үшін зайырлы ғылымдар мен кәсіптердің шеберлері болу өте маңызды.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) құтты хадистердің бірінде ғылымды зерттеп, оны басқаларға сү сияқты сіңіріп, содан кейін көптеген шәптер өсіруді үйреткен адамға теңеген. Ғылымға мән бермейтін адамды жаңбыр жауып тұрса да, сү жинамайтын немесе егін өсірмейтін жазықпен салыстырды. Шынында да, ғылымды үйренуші адам – бұл бәріне мұқтаж және әрдайым айналасындағыларға пайдалы болатын адам. Алайда, ғылымға қызығушылық танытпайтын адам өзіне де, басқаларға да пайда әкелмейді. Егер біз осы даналықты бүгінгі күнмен салыстыратын болсақ, мазмұны айқынырақ болады. Сонымен бірге ғылым мен нағандық қарқынды дамып жатқан заманда, нағандықтарта қалуды білдіреді. Сондықтан уақытпен қатар жүру үшін білім әлемінен тыс қалмау, артта қалмау үшін білім алуға ұмтылу қажет.

Ағартушылықтың адамдарға тигізер пайдасы өте зор. Білімді адамда шыдамдылық қалыптасады, қызығушылығы төмен, шешім қабылдауға асықпайды, жүректі ренжітуге жол бермейді, қатені түзетпеу талпынады. Мұғалімдерді құрметтеу нәтижесінде сауатсыздық өсуде. Абайсыздықтың салдары жақсы емес екені белгілі. Тарих көрсеткендей, мұғалімдерден үйренудің маңызы орасан зор. Ғалымдар оқитудың этикеті туралы сөз қозғағанда, олар осыған байланысты мұғалімге деген құрметтің маңыздылығын атап өтеді. Студент өзінің ұстазын құрметтегендіктен, оған ғылымның нұры түседі. Құтты дәстүрлі Ислам діні, білім үйретуші мұғалімді өте биік дәрежеде құрметтеуге шақырады, ғалымдардың деңгейі жоғары.

Біздің ел–ғылымның ошағы, ғалымдардың Отаны. Ғылым мен ағартуға деген құштарлық бұрыннан халқымыздың қанына сіңіп келеді. Ата-бабаларымыз өзінің жоғары интеллектуалдық әлеуетімен әлемдік өркеніетке үлес қосты.

Кейде студенттер және мектеп оқушылары мұғалімге сұрақ қоюдан ұялады. Пайғамбарымыз (с.а.с.) бір хадисінде: «Білім–қазына, оның кілті–сұрақ. Сұраңыз, сұраған кезде 4 адам сауапқа ие болады: анықтаушы, ғалым, яғни білімді адам, тыңдаушы және олармен достасқан адам»,–деп айтқан. Сонымен қатар, оқушыға сұрақ қою барысында сұрақтың мазмұнына, оның қажеттілігіне назар аударған жөн. Бұдан бөлек оқу процесінде интернетті әрқашан емес, қажет болған кезде ғана пайдалануға болады. Егер осы аспектілер ескерілсе, білім алуға кеткен уақыт бекер болмайды. Адамның өмір бойы мағыналы және керемет өмір сүруі оның алған білімімен байланысты. Білмеген және білімсіз адам өз өмірін босқа өткізеді және өз білімсіздігі үшін басқаларды азаптады. Айта кету керек, әлемдегі көптеген жанжалдар, соғыстар мен қақтығыстар нағандықтан туындайды. Өздерін білімді деп санайтын кейбір нағандық адамдардың іс-әрекеттері қайғылы салдарға әкеледі.

Шынығында, ғылым–бақытқа жетудің ең жақсы жолы. Біздің басты міндетіміз–өлімізде жасалған жағдайды бағалай отырып, болашақта осы адамдарға қызмет ететін және халықтың мүдделерін ойлайтын жан-жақты дамыған тұлға болып қалыптасу. Ағартушылық және нағандықпен күресу біздің болашағымыз үшін де маңызды.

**Дәурен АМАНОВ,**  
**Түркістан облысының дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің Мақтаарал ауданындағы дінтанушы маманы.**

Дін-жеке тұлға үшін «Мен кімін?», топтар үшін «Біз кіміз?» деген сұрақтардың жауабы береді. Әлі күнге дейін «Өмірге неге келдім?», «Өлімнен кейін өмір бар ма?», «Құдай бар ма? Бар болса қандай?» сынды сұрақтарға діннен артық жауап беретін институт жоқ. Міне, сондықтан да ғалымдар өлімге шара табылмайынша, дінге деген қажеттілік жойылмайды деген. Сонымен қатар, дін адамның қоғамда өз орнын табуға, басқаға деген көзқарасын және ұстанымын бекітуіне әсер етеді. Дін осы қызметімен әртүрлі ортада, түрлі оқиғалармен кезіккенде қандай ұстанымда болу керектігін көрсетеді. Дін адамдарға белгілі бір көзқарас қалыпта-

бептердің бірі. Мәселен, этникалық идеологиялар, ұлтшылдық, діни идеологиялар, діни сипаттағы идеологиялар, зайырлы идеологиялар, әр түрлі ағымдар әлеуметтік топтардың қайшылыққа түсуінде маңызды орын алады. Қазір бұқаралық ақпарат құралдарында мұсылмандарға қатысты оқиғаларға біржақты, әдетте жауапкершіліксіз орын беру – исламофобиялық сезім мен әрекеттерді жандандыра түсетін жағдай байқалады. Ислами рәміздермен фигуралар тек қана маргинал ғаламтор сайттарында емес, ара-тұра танымал ақпарат құралдарында да, мазаққа айналған. Жаңалықтарда, теледидар бағдарламаларында, саяси және діни

# Дін және діни идеология

стырады. Тұлға діннің ықпалымен белгілі бір санаға, дүниеге деген көзқарасқа ие болады. Мәселен, бір сенуші діннің талабына сай дүниеге жақсы көзқарас танытса, енді бірі олай қарамауы мүмкін. Яғни, адамдар дінге сүйеніп отырып, заттарға, табиғатқа, әлеуметтік оқиғаларға қатысты өзіндік ұстаным қалыптастырады. Дін ауыр жағдайларда, адамның басына қиындық түскен кезде өмірдің өткініші, жалған екенін еске салып, жұбатушылық қызмет атқарады. Тағдыр, кез-келген адамның да басына түсуі мүмкін ауыр дерт, жақын адамнан айырылу, мүмкіндігі шектеулі күйде немесе жағдайы қиын аймақтарда дүниеге келуі сынды жайттарды өмірдің сынағы, заңдылығы деп түсіндіреді. Бұны діннен өзге ешбір институт түсіндіріп бере алмайды. Осындай қиын жағдайларда дүниенің өткініші екенін еске салып, сабырлыққа үндейді.

Діндер тарихын зерттеушілер, дінтанушылар әлемдегі діндердің шығу тарихы мен ерекшеліктеріне қарай бірнеше топтарға бөледі.

Тайпалық діндер (алғашқы тайпаларда кездескен діндер).

Ұлттық діндер (бір ғана ұлт өкілдері ұстанатын діндер: индуизмді үндістер, сизхизмді жапондар ғана ұстанады).

Әлемдік діндер (әлемдегі көптеген ұлттар мен ұлыстардың ұстанатын діні: Ислам, Христиан, Буддизм).

Дінтанушы ғалымдар тайпалық, ұлттық және әлемдік діндерден бөлек дінге ешқандай қатысы жоқ, яғни, дін деп атауға болмайтын кейбір топтарды «Дәстүрлі емес культтар немесе дәстүрлі емес діни ағымдар» деп атайды.

Дін бір жағынан қоғамда бүкіл сенушілерді біріктіріп, бір-бірімен байланысты қызмет атқарады. Қоғам – белгілі бір уақыт пен мекенді бөліскен адамдар құрайтын топтан әлдеқайда маңызды нәрсе екеніне күмән жоқ. Тұлғаны осы мағынада қоғаммен байланыстыратын, қоғамның бірігуіне маңызды үлес қосатын феномендердің бірі, тіпті бірегейі – дін.

Сенім тек біріктіріп қана қоймай, діни мәтіндерді әр түрлі түсін, діннің шартарпақ таралуы, т.б. себептермен қарама-қайшылықтың туындауына, осы арқылы діни бірліктің бұзылуына алып барған. Бұл қыбылысты барлық діннен, тарихтың және қоғамның барлық кезеңінен кездестіре аламыз. Негізінде, қандай діни топ болса да, дін мүшелерінен тұратын топ, жамағат, ұйымның, кең мағынада алғанда үмбеттің ішінде пайда болған шағын топтардың шығуында көбінесе сенімнің орны ерекше. Дін бір жағынан қоғамда бүкіл сенушілерді біріктіріп, бір-бірімен араластыратын қызмет атқарады. Дегенмен, екінші жағынан сенімге қатысты мәселеде туындаған пікірталас пен көзқарас айырмашылығынан бастау алған ерекшеліктер қоғамда бөлуші қызмет те атқара алады. Алайда, діннің біріктіруші қызметі, бөлуші қызметіне қарағанда қуаттырақ.

Идеология дегеніміз белгілі бір мақсатқа бағытталған идеялар жүйесі. Осы идеяларды жүзеге асыру арқылы ұлттық немесе әлеуметтік топтың түпкілікті мақсатқа жетуі көзделеді. Сонымен идеология жеке мүддені қолпаштайтын белгілі бір жүйеге келтіріліп, еңделген көзқарастардың жинтығы болып табылады. Мұндай жүйелерді арнайы идеологиялық қызметкерлер жасайды.

Идеология да, қақтығыста үлкен се-

пікірталастарда ислам мен мұсылмандарға қатысты жағымсыз сөздер қолданылып жүр. Ислам діні жайлы жыныстық теңсіздік, басқыншылық, нағандыққа шақырушы, зорлық-зомбылық және ақылды қолданбауға шақыратын дін ретінде сипаттайтын сөздерді тізіп айтады. Бұл да идеологияның жемісі.

Жақында ғана мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ-ның мінберінде қасиетті кітаптың мұсылман қауым үшін қадірін жеткізді. Игілік жолы Исламнан бөлек, әр ұлттың мәдениетіне ілтипат танытуда жатыр. «Жуырда қасиетті кітаптарға құрметсіздік таныту актілері болды. Біз осы жағдайға алаңдаушылық білдіреміз. Исламға және басқа да діндерге қатысты жалған мұндай тағылық әрекеттерден еркіндіктің, сөз бостандығының және демократияның нышаны білінбейді. Құран секілді қасиетті кітаптардың бәрі вандализмнен құқықтық тұрғыда қорғалуға тиіс. Түптеп келгенде, бейбітшілік мәдениеті тек «бірлігіміз – әраландығымызда» және өзара құрмет қағидаттарына негізделі алады. Сондықтан Мен, Астанада өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің елеулі рөлін мақтан тұтамыз» деген болатын. Қазақстан әлемдік кеңістікте діндер арасындағы бірлікті сақтауды әлемге көрсетіп келе жатқан елдердің бірі десекте болады.

Әлемдік дәстүрлі дінге сенушілер өздерін православ, мұсылман деушілер, басқа да діндегілер діндарлықтың әртүрлі деңгейінде болуда. Біреулер діни канондармен өмір сүрсе, екіншілердің діни дүниетанымы айқындалмаған, үшіншілері, енді, дінге ықылас танытып, діни кітаптарды оқи бастаған, сенім мен күдіктің арасында жүргендер де бар. Тіпті, діндеміз дегендердің белгілі бөлігі мешіт, шіркеу талбалдырығын аттамағандар, олар кейде салт-дәстүрлерді орындайды.

Дәстүрлі қазақ қоғамында діншілдік бала күнінен отбасы, медресе, басқа діни оқу орындарынан санаға сіңіп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырған. Социализм тұсында ол институттар өз маңызын жойды. Бүгін адамның әлем, қоғам, табиғат туралы дүниетанымы тек дін емес, негізін зайырлы білім де қалыптастырады. Бүгінгі діндер де бұрынғыдай барлық қызметі мен орны анықталған, нақтыланған діндер емес, ауқымды көп салада, бәсекелестік жағдайында өмірге араласа бастады.

Қорыта келе, бүгін бұрынғыдан гөрі, адамдардың рухани сұраныстары өсіп тұрған заманда интернет ақпараттары діни қажеттілікті қанағаттандырушы қызмет атқарауда. Интернет заманында дәстүрлі наным-сенім бірте-бірте босаңсып, ақпараттық заман қауіп төндіре бастады. Бір жағынан, шектен шыққан діншілдік, фанатизм, екінші жағынан, дінге деген селқостық. Қай жат дінде де, қай заманда да екіжүзділік болған, бола береді. Мешіттерде, шіркеулерде синагогтарда адамдардың дін таңдауына да құқы бар. Сол шексіз еркіндік діннің шырқын бұзып, кесел келтіреді, қалыптасқан бағыттан, дәстүрлі діннен айырылуға әкеледі. Сондықтан кезкелген дәстүрлі діни идеологияда адамды бірлікке, татулықта үндейтін қызметін атқара береді.

**Жангелді БИТАНОВ,**  
**Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.**



# Келісімшарт бойынша әскери қызмет- Абыройлы міндет!

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы №561-IV «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңына сәйкес азаматтарды әскери қызметке шақыру-бұл әскери міндеттілік негізінде Қарулы Күштерді жеке құраммен жасақтауға бағытталған мемлекеттік органдар жүргізетін іс-шаралар кешені.

Осыған байланысты аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы №561-IV «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 32, 37, 40 баптарына сәйкес запастағы офицерлерді, сержанттар мен сарбаздарды 2024 жылы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің әскери бөлімдерінің бос лауазымдарына келісімшарт бойынша әскери қызмет етуге іріктеу жұмыстарын жүргізуде.

## 1. Әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт

Келісімшарт бойынша әскери қызмет осы Заңның 6-тарауының 32, 37, 40 баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматы Қарулы Күштердің уәкілетті лауазымды адамымен әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт жасасады.

Келісімшарт ерікті түрде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкесекі тарап арасында жазбаша түрде жасалады.

Әскери қызмет өткеру туралы келісімшартта азаматтың әскери қызметке кіруінің еріктілігі, азаматтың әскери қызметті өткеруге міндеттенген мерзімі және келісімшарттың басқа да талаптары бекітіледі.

Әскери қызмет өткеру туралы келісімшарттың талаптары азаматтың келісімшартта белгіленген мерзім ішінде Қарулы Күштерде әскери қызмет өткеру міндеттілігін қамтиды. Келісімшарт талаптарында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер, кепілдіктер мен өтемақылар алуды қосалғанда, азаматтың өз құқықтары мен өзінің отбасы мүшелері құқықтарының сақталу құқығы көзделеді.

Запастағы офицерлер әскери қызмет өткеру қағидаларында айқындалған тәртіптеріне сәйкес әскери-есептік мамандығына ұқсас лауазымға келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге құқылы.

## 2. Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін адамдарға қойылатын талаптар

3. Келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін адамдармынадай талаптарға сай келуге;

1) Қазақстан Республикасының азаматтығына ие болуға;

2) Әскери лауазымға сәйкес келетін әскери-есептік мамандығы болуға.

2. Келісімшарт бойынша әскери қызметке:

1) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған;

2) әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысына сәйкес әскери қызмет міндеттерін орындауға кедергі келтіретін ауруы бар;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді өзінеқабылдаудан бас тартқан;

4) бұрын сотталған немесе ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған не оған қатысты қылмыстық қозғалған;

5) әскери қызметке кірер алдындағы екі жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қабылданылған;

6) тұлғалықты жері бойынша ішкі істер органдарынан анықтама;

7) жергілікті ҰҚ-нен экстремистік және террористік ұйымдарда тіркелмегендігі туралы анықтама;

8) интернатураны аяқтағаны туралы анықтама сертификаты (медицина қызметінің мамандарына)

9) әскери қызметке кіргенге дейінгі бір жыл ішінде қасақана құқық бұзушылық жасағаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;

11) егер босатылған күннен бастап үш жыл өтпеген болса, мемлекеттік қызметтен немесе әскери қызметтен теріс себептер бойынша босатылған адамдар қабылданбайды.

## 3. Келісімшарт мерзімі және оны жасасу тәртібі

1. Әскери қызметті өткеру туралы келісімшарт:

- 1) үш жылға-әскери қызметке алғаш кіретін адамдар үшін;
- 2) бес жылға;
- 3) он жылға;
- 4) әскери қызметте болудың шекті жақына толғанға дейін.

## 4. Жеңілдіктер

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 8-тарауында әскери қызметшілерді және олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері қарастырылған.

Соның ішінде, әскери қызметшілерге ақшалай үлес, жәрдемақылар мен басқа төлемдер төлеу, тұрғын үймен қамтамасыз ету, демалыстары, мемлекет есебінен медициналық көмектермен қамтамасыз ету және тағы басқалар бар.

Аталған заңның 44-бабының 8-тармағына сәйкес, әскери қызметшілер мемлекет есебінен қызмет бойынша ауысқан, әскери қызметтен шығарылған кезде, стационарлық емделуге барған және кері қайтқан кезде теміржол, әуе, су және автособиль кәлігімен жол жүруге, сондай-ақ, қызметі бойынша көшіп-қону кезінде он тоннаға дейін жеке мүлкі тасымалдауға құқылы.

Осы заңда көзделген жағдайларда әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының аумағы бойынша кәлікте жол жүруге және пошта жөнелтілімдеріне арналған басқа да шығындар өтеледі.

Келісімшарт бойынша әскери қызметшілер қашықтығы 100 шақырымнан астам бір елді мекеннен басқасына қоныс аударуға байланысты қызмет бабымен ауысқан кезде (оның ішінде әскери бөлім немесе бөлімше құрамында) оларға әскери қызметшінің өзіне екі айлық ақшалай қаражаттың жартысы мөлшерінде көтерме жәрдемақысы төленеді.

Әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету тәртібі заңның 45-бабында қарастырылған.

Тұрғын үйге мұқтаж әскери қызметшілер мен олармен бірге тұрақты тұратын отбасы мүшелері-жұбайы (зайыбы); ортақ немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің кәметке толмаған (асырап алынған, асырауында немесе қамқорлығында болатын) балалары, күндізгі оқу нысаны бойынша білім беру ұйымдарында оқитын жиырма үш жасқа толмаған балалар және жұбайының (зайыбының) балалары; он сегіз жасқа толмаған мүгедек балалары және әскери қызметшінің асырауындағы ата-аналары мемлекет есебінен әскери қызмет өткеру кезеңінде тұрғын жаймен қамтамасыз етіледі.

Әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Сонымен қатар:

-айына бір рет коммуналдық төлемақы (тұрғын үй, сымтетік, су ақысы);

-киім-кешек мүлгімен жабдықтау нормалары, жұмыс киімі (әскери киім) тегін;

-жылына бір рет негізгі демалысқа шығар кезде екі айлық көлемінде ақшалай көмек (өмдеу-сауықтыру);

-тұрғын үйді жалға алғаны үшін кепілді өтемақы;

-офицерлердің ақшалай үлесі;

-көтерме жәрдемақы, үстеме және басқа да көпелдіктер;

-ауруханаларда, әскери госпитальдарда әскери қызметшілердің жанұясына емделу тегін.

Егер Сіз, өз тағыдырыңызды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерімен байланыстырғыңыз келсе, аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімімен хабарласыңыз.

Байланыс сымтетігі: 4-15-92.

**Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі.**

## Жартытөбе ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық мүшелерін сайлау өткізу туралы хабарландыру

«Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 39-1 бабы және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы «Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №122 бұйрығына сәйкес, Жартытөбе ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық өкілдерін сайлау мақсатында жиын өткізу туралы хабарландыру.

Қ/с	Бөлек жиын өткізуге уәкілеттік берген	Бөлек жиын өтетін көшелер	Өтетін уақыты	Жиынның өтетін орны
1	Д.Жусіпов	Ә.Иманқұлұлы, Т.Әлімқұлов	07.02.2024 ж сағ: 10:00	Несіпбай Әбілхайыровтың үйінің арты
2	Д.Жусіпов	С.Сейфуллин, Шойынбет би, Б.Төлебаева	07.02.2024 ж сағ: 11:00	Қ.Кемелұлы мектебінің алды
3	Д.Жусіпов	Қ.Арқабаев, Ә.Әлібиев	07.02.2024 ж сағ: 15:00	«Іңкәр» дүкенінің жаны
4	Д.Жусіпов	Қ.Кемелұлы	08.02.2024 ж сағ: 16:00	Ш.Уәлиханов мектебінің алды
5	Д.Жусіпов	А.Сайлаубеков	08.02.2024 ж сағ: 10:00	Бабата ауылдық клубы
6	Д.Жусіпов	Б.Есжанов	08.02.2024 ж сағ: 11:00	«Ысқақ баб» кесенесінің алды

**«Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ.**

## БЖЗҚ

# «Ұлттық қор-балаларға» жобасы:

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасын іске қосу жоспарланып отыр. Оның аясында Қазақстанның барлық кәметке толмаған азаматтарына жыл сайын Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі-Ұлттық қор) инвестициялық кірісінің 50% есептелетін болады. Оған қоса, балаларға өткен жылдары есептелген сомалар Ұлттық қор активтерінің құрамында инвестициялануын жалғастыратын болады. Нәтижесінде оларға қосымша инвестициялық кіріс есептеледі.

2006 жылы және одан кейін туылған, оның ішінде қорғаншылық/қамқоршылық тағайындалған балалардың заңды өкілдері «Ұлттық қор-балаларға» бағдарламасына қатысуды кепілді түрде қамтамасыз ету үшін бүгін не істей алады:

1) баланың жеке басын куәландыратын құжатты (балалардың

азаматтығын айқындау үшін), оның ішінде жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) алу;

2) баланың деректемелерінің бар-жоғын және олардың дұрыстығын тексеру: кәметке толмаған адамның Т.А.Ә., туған күні, ЖСН, азаматтығы;

3) «электрондық үкімет» веб-порталындағы Жеке кабинетінің «Балалар туралы мәліметтер» бөлімінде өзінің балалары туралы мәліметтердің бар-жоғын тексеруге тиіс.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – БЖЗҚ) нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды (міндеттемелерді), нысаналы жинақтау шоттарындағы (бұдан әрі - НЖШ) нысаналы жинақтарды есепке алу, нысаналы жинақтар төлемін жүзеге асыру жөніндегі оператор ретінде айқындалды.

Мақсатты талаптар мен мақсатты жинақтарды есепке алу АҚШ долларымен жүргізіледі.

**«Созақ үні»-ақпарат.**

## Сексеуіл алқабын өрттен қорғау

Ауданымыздағы табиғатты қорғау және күзету бағытында жұмыс жасайтын мекемелердің бірі – «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі». Жергілікті табиғатымыздың флорасы мен фаунасын қорғау мен күзетуді жоғары қоятын бұл мекеме қызметкерлері бүгінгі күні тынбай еңбек етуде. Орманшы жігіттер жоспар бойынша тыңғылықты жұмыстар атқарып келеді. Жылда сексеуілді қорғау жұмыстарын үрдіске айналдырып алған мекеме жігіттері бұл науқан кезде әрдайым ұйымшылдық көрсетеді. Ешкім тиіспесе орманға айналатын шөлге шыдамды бұл ағаш түрі тек табиғаттың қолдауымен өсіп-өнеді және бұл өсімдіктің биіктігі 7 метрге дейін жетеді екен. Алайда бүгінгі күні бұл өсімдіктің қас жауы

адамзат болып отыр. Сондықтан мемлекетіміз оны кесуге қатаң тыйым салса да, кейде базарлардан және кәуап пісіретін орындардан жиі көріп қаламыз. Сексеуілді жастайынан кесіп, машинасына толтырып тиеп алған бауқеспелердің талайы ұсталып, талайына айыппұл салынып, тиісті шаралар көріліп жатыр. Соған қарамастан бұл заңбұзушылардың әрекеттері азаймай отыр. Бүгінде сексеуілді сауда нүктелерінде сатуға тыйым салынып, қатаң бақылауға алынған.

Дегенмен де сексеуілдің отаны аталатын біздің ауданымызда бүгінгі күні жас сексеуілдер табиғат пен жанашыр адамдардың көмегімен бой көтеріп қалғаны қуантады. Бойымызға жылу, табиғатымызға сән беретін сары сексеуілімізді әрбір адамзат қорғай білсек, отын қорымыз ұлғая беретіні сөзсіз.

**Болат ШЕРИЯЗДАНОВ,  
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман шебері.**



## Фитосанитариялық есептілік ұсыну мерзімдерінің өзгергендігін хабарлаймыз

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 20 наурызындағы №106 бұйрығымен; «Фитосанитариялық нормативтерді, фитосанитариялық есепке алу нысандарын, сондай-ақ оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 29 маусымдағы № 15-02/584 бұйрығына өзгерістер енгізілгенін хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасының «Өсімдіктерді қорғау туралы» 2002 жылғы 3 шілдедегі №331 Заңының 13-бабы 1-тармағына сәйкес, қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар фитосанитариялық есепке алу жүргізеді және уәкілетті органның ведомствосына фитосанитариялық есептілікті табыс етеді делінген. Осыған байланысты, аудандық аумақтық инспекцияға есептердің мынадай түрлері мен мерзімдері бойынша ұсынады;

ФУ1- пестицидтерді, биоагенттерді өндіру және (немесе) өткізу туралы есепті пестицидтерді, биопрепараттарды өндіруді (формуляциялауды), сатып алу және өткізуді, энтомофагтарды өсіруді және өткізуді жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілері жылына екі рет, бір рет шілдеге дейін және бір рет 10 қаңтарға дейін;

ФУ2- пестицидтердің, биоагенттердің қозғалысы туралы есепті жылына екі рет, 10 шілдеге дейін бір рет, 10 қаңтарына дейін бір рет;

ФУ3- пестицидтерді, биоагенттерді сақтау туралы есепті жыл сайын 10 қаңтарына дейін;

ФУ4-химиялық өңдеулер жүргізу туралы есепті меншікті өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру үшін пестицидтерді, биоагенттерді қолдануды жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілері ай сайын, наурыздан қыркүйекке дейін, есеп беруден кейінгі әр айдың 10-на дейін;

ФУ5- тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді және олардың ыдыстары, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыру туралы есепті тыйым салынған және жарамсыз пестицидтердің ыдыстарын зарарсыздандыруды жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілері жыл сайын, 10 қаңтарға дейін; есептілікті Созақ ауданына қарасты жеке және заңды тұлғалар (ШҚ, ӨК, ЖШС, т.б.) табыс етуі керек.

Ал, ФУ-6, ФУ7- ФУ8- фитосанитариялық есептіліктерін тапсыру алып тасталғанын хабарлаймыз.

Фитосанитариялық есептілікті ұсынбау, сол сияқты уақытылы ұсынбау Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V Кодексінің 403-бабында жеке тұлғаларға-бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне - он, орта кәсіпкерлік субъектілеріне - он бес, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу туралы әкімшілік шара қаралған.

Фитосанитариялық есептілікті Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, №19 мекен жайы бойынша орналасқан Созақ аудандық аумақтық инспекциясына (4-13-05 факс) уақытылы табыс етулеріңізді сұраймыз.

**А.УАЛИЕВ,**

**Созақ аудандық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау және карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы.**

### Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын Шу ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері бұзған жағдайда 23-1-72 сенім телефондарына хабарласуларыңызға болады.

**«Созақ ауданының Шу ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.**

### Жатқан жерің жайлы болсын әкешім

Құмкент ауылының тұрғыны, асыл әке, ардақты ата, ағайын-туыс пен ауыл-аймаққа қадірлі жан **Ершаев Хабир** әкеміздің дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл әкеміздің жарқын бейнесі жүректерде сақтаулы.

**Ажал сені алып кетті ортадан, Енді қайтып келмейсің-ау қайтадан.**

**Жатқан жерің жайлы болсын әкешім, Пейіштен орын берсін жасаған,** - дей келіп, әкеміз Хабир Ершаевтың рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

**Ас – 3 ақпан күні (2 ақпан – қонақ асы сағат 13:00-де) Құмкент ауылы, сағат 12:00-де өз шаңырағында беріледі.**

**Асқа шақырушылар: Ершаевтар әулеті.**



Ауру айқын бас ауруынан, әлсіздіктен, дене қызуының 40С-қа дейін көтерілуінен басталады. Біраз уақыттан кейін бұл белгілерге мұрынның ағуы, жөтел және тәбеттің толық болмауы қосылады. Жарықтан қорқу, көздің жасау-рауы, қызаруы, іріңді бөлінділердің пайда болуымен жүретін, конъюнктивит қызылшаға тән белгі болып табылады. Содан кейін алдымен бетте, мойында, кеуденің жоғарғы бөлігінде, денеде және аяқ-қолдарда бөртпе пайда болады. Қызылшаға өте тән нәрсе - бөртпе пигментация қалдырады (бірнеше күнге созылатын қара дақтар), ол бөртпе пайда болған ретпен жоғалады.

Егер бұрын қызылша балалар инфекциясы деп саналса, қазір науқастардың негізгі үлесін – бұрын ауырмаған, қызылшаға қарсы епелсіз жоқ еңбекке қабілетті жас адамдар құрайды. Қызылша асқынуларымен қауіпті: өкпенің қабынуы (пневмония), ортаңғы құлақтың қабынуы (отит), энцефалит (мидың қабынуы).

Қызылшаның ең тиімді алдын алу жолы - вакцинация. Аурудың таралуын болдырмау үшін тұрғындарды вакцинациямен жоғары деңгейде қамтылуын қамтамасыз ету қажет. Вакцинацияланбаған тұрғындардың пайызының төмендеуі аурудың өршуіне әкелуі мүмкін. Бұл қызылша ауруының таралуына негізгі

себебі болып табылады. Ұлттық профилактикалық егу күнтізбесіне сәйкес балаларға қызылшаға қарсы жоспарлы егу 12-15 айлығында және қайта егу 6 жаста жүргізіледі.

Қызылшаға қарсы вакцина алу керек пе? Әрине, бірақ егілгендердің де сырқаттанатынын білуіміз қажет, себебі ауырған күннің өзінде ауру жеңіл өтіп, асқынулар туын-

Қызылшаға қарсы епелерді эпидемиялық көрсеткіштер бойынша (шұғыл профилактика) жасы шектелмеген, бұрын ауырмаған, егілмеген және қызылшаға қарсы профилактикалық епелер туралы мәліметтері жоқ немесе бір рет егілген байланысқан адамдарға жүргізеді. Қарсы көрсетілімдер болмаған жағдайда вакцина науқаспен

## Абайлаңыз қызылша!

дамайды. ҚР ДСМ бұйрығымен бекітілген Ұлттық профилактикалық егу күнтізбесіне сәйкес қызылшаға қарсы жоспарлы егулерді қызылшамен ауырмаған балаларға 12 ай және 6 жаста жүргізеді. Сонымен қатар, қызылшаға қарсы вакцинация жоспарлы түрде жүргізілуі керек:

- қызылшамен ауырмаған және қандай да бір себептермен қызылшаға қарсы егілмеген 1 жастан 18 жасқа дейінгі балалар;

- 35 жасқа дейінгі қоса алғанда, бұрын егілмеген, қызылшаға қарсы епелер туралы мәліметтері жоқ, бұрын қызылшамен ауырмаған ересектер;

- тәуекел тобына жататын 36 жастан 55 жасқа дейінгі және одан жоғары ересектер, оның ішінде білім беру ұйымдарының қызметкерлері.

байланыста болғаннан кейін 72 сағаттан кешіктірілмей енгізіледі.

Егер сіз немесе сіздің балаңыз ауырып қалса, сізге:

-шұғыл медициналық көмекке жүгіну;

-емханаға өз бетінше бармай, дәрігерді үйге шақыру;

-дәрігер келгенге дейін туыстарымен, таныстарымен байланысын азайту;

-жөтелгенде және түшкіргенде ауыз бен мұрынды орталмен жауып, қолды сабынмен және сумен жиі жуыңыз;

-тыныс алу органдарын қорғау құралдарын қолдану (мысалы, бетперде);

- өзін өзі емдеуге жол бермеу қажет!

**Х.ОСПАНОВ,**

**Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.**

## Жатыр мойны обыры деген не?

Жатыр мойнының обыры әйелдерде ең көп кездесетін онкологиялық дерттің бірі. Жатырдың төменгі бөлігінде жатыр мен қынапты біріктіріп тұратын мойын, яғни босану жолы бар. Жатыр мойнының обыры 16, 18, 31, 33, 35 немесе 39 түрге жататын адам папилломасының вирусынан туындаған цервикалды интраэпителиалды неоплазия (CIN) нәтижесі болып саналады. Көбіне жатыр мойнының обырына 45-50 жастағы әйелдер шалдығады. Алайда онкологтар соңғы уақытта бұл аурудың жас әйелдерден де анықталып жатқанын айтуда.

Жатыр мойнының обыры алдында қатерлі емес және обыралды процестер болады. Қарапайым эктопия, эндоцервикоз, лейкоплакия, эндометриоз, жатыр мойнының тыртықты деформациясы қатерлі емес процестерге, түрлі деңгейдегі жатыр мойнының дисплазиясы обыралды процеске жатқызылған.

**Жатыр мойны обырының пайда болу себептері:**

- темекі шегу;
- бей-берекет төсек қатынасы;
- иммундық жүйенің әлсіреуі;
- бұрын болған немесе ағымдағы хламидий және жыныс жолымен берілетін басқа да инфекциялар;
- артық салмақ;
- үш немесе одан да көп мерзіміне жеткен жүктілік;
- жүктілікке қарсы дәрі-дәрмекті ұзақ уақыт қабылдау;
- 17 жасқа дейін бала көтеру;
- ерте басталған жыныстық қатынас;
- әлеуметтік төмен статус;
- онкологиялық ауруларға, соның ішінде жа-

тыр мойнының обырына тұқымдық бейімділік.

**Жатыр мойны обырының белгілері:**

Менструалды кезеңнен тыс уақытта қан кету жатыр мойны обырының негізгі белгілерінің бірі болып саналады. Сонымен қатар иісі жағымсыз ақшыл бөлініс, іштің төменгі жағының аурулары, салмақ жоғалту, шаршаңқылық және кейде зәрде қан пайда болуы да осы ауру белгілеріне жатады.

Мына белгілер туындаса, дереу дәрігерге қаралу керек:

- қан Кету;
- зәр шығару кезіндегі ауырсыну;
- менопаузадан кейін қан кету;
- төсек қатынасы кезіндегі ауырсыну немесе қан кету;
- кіші жамбастағы ауырсыну белгілері;
- вагиналды жайсыздық.

**Жатыр мойны обырының кезеңдері**

Обырдың басқа түрлері секілді жатыр мойны обырының да төрт даму кезеңі бар: Бірінші саты – ісік жатыр мойнында орналасқан, бірақ жатырға немесе жақын орналасқан лимфалық түйіндерге қарай таралуы мүмкін;

Екінші саты – обыр жатыр мойнынан тыс аумаққа, қынаптың жоғарғы жағына қарай өседі; Үшінші саты – ісік төменгі қынап, жамбас қабырғаларын зақымдап, зәр шығару жолдарын бұзғаттауы мүмкін;

Төртінші саты – обыр тік ішекке немесе қуыққа және алыс орналасқан органдарға жетеді.

**Индира БЕЙСЕМБИЕВА,**

**Созақ аудандық орталық ауруханасы онкомаммолог дәрігері.**

## Сыбайлас жемқорлықпен күрес баршамызға ортақ іс

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық-заманмен бірге өсіп-өркендеп, бүгінге дейін жойылмай отырған дерттің бірі. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі парақорлық.

Бірінші кезекте пара берудің себептерін және пара алудың жағдайларын түп тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни, пара беру

де, пара алу да қылмыс екендігін қоғамдық санаға қалыптастыру қажет.

Парақорлық мемлекеттің қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік пен басқару органдарының бөделіне нұсқан келтіреді және халықтың мемлекетке деген көз қарасы мен сенімін төмендетеді.

Әрине сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын жара емес, ол жалпы қоғамның психикасына тереңнен бай-

ланған қылмыс түрі. Онымен кресу оңай шаруа емес, сол үшін парақорлықпен күресу әр-бір азаматтың борышы екенін ұмытпауымыз керек.

**Б.АСҚАРОВ,**  
**«ААУ» КЕАҚ Түркістан облысы бойынша филиалы Созақ аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің басшысы.**



# Талаптыға нұр жауар



Ауылдық жерлердегі мектеп оқушыларының дарындылығы мен қабілеттілігін анықтау және қолдау үшін оңтайлы жағдайлар жасау, неғұрлым академиялық қабілетті оқушыларды іріктеу, олардың зияткерлік дамуы мен кәсіби бағдарлануы мақсатында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі Бейсембаев Фани Бектайұлының тікелей тапсырмасы бойынша тұңғыш рет ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада 2023 жылғы қарашадан бастау алған болатын. Бұл бастама ауыл мектептеріндегі дарынды, талантты балалардың білім көкжиегіне шығу мүмкіндіктерін ашатын жаңа жоба болды.

«Дарын» РҒПО Зияткерлік іс-шараларды ұйымдастыру және халықаралық ынтымақтастық бөлім басшысы Айгерім Ерниязованың айтуы бойынша «Ережеге сай олимпиада 13 пән бойынша өткізілуде және үш кезеңнен тұрады: бірінші (бастапқы) кезеңге еліміздің әр өңірінен 78 404 оқушы қатысты. Екінші (іріктеу) кезеңінде 25 844 оқушы бақ сынасты. 1088 жеңімпаз үшінші (республикалық) кезеңге жолдама алды» деп, Оқу-ағарту министрінің инстаграмм парақшасында жариялаған болатын.

1088 жеңімпаздың бірі есебінде Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінің 9<sup>Ә</sup> сынып оқушысы Рахаш Гүлсезім Арманқызы география пәні бойынша, екінші (іріктеу) кезеңінде бірінші орынды иеленіп үшінші (республикалық) кезеңге жолдама алды. Бұл жеңіс Гүлсезім мен жалпы мектеп ұжымы үшін үлкен жетістік болды. Мен география пәні мұғалімі әрі Гүлсезімнің пәндік жетекшісі болғандықтан, оқушының алдағы білім жолдарына үлкен үміт күттім. Осы арада Гүлсезім туралы кеңінен баяндап өткенді жөн санаймын. Гүлсезім отбасында алты баланың үлкені, атасы мен әжесінің бауырында, қазақы ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өскен немеренің тұңғышы. Абай бойындағы даралықпен парасат, ақыл мен дана ой, сөзге шешен, ойы жүйрік, ақындық қасиеттер мен қазақ ұлтына сай құндылықтарды бойына сіңірген әжесі Зере, анасы Ұлжан болса, Гүлсезімнің отбасы тәрбиесіндегі басты рөлде әріне әжесі Теңгештің алатын орны ерекше. Әжесінің айтуынан білетінім: «Гүлсезім кішкентай кезінен зерек болған. 3 жасар кезінен «Ер Төстік» ба-

лалар бақшасында жүріп сахна төрін бермейтін өнерлі бүлдіршін болса, келе-келе көркем сөзді жатқа айтудың хас шебері бола білген. Республикалық Ұлы Дала Ұрпағы, Халықаралық Жібек Жолы, Республикалық Атадан мұра жарыстарында «Көркем сөз» номинациясы бойынша қатысып бірнеше дүркін бірінші орынды иеленген. Сахнаға еркін шығып, көрермен қоша-метіне бөленіп, сайыстан сайысқа өту жолында, жаңа белестерді бағындырып, өзін дамытып жетілдіруде талмай еңбек етті».

Қазіргі таңда Рахаш Гүлсезім Арманқызы Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінің өзін-өзі басқару ұйымының президенті, қызыл аттестатқа үміткер, оқу озаты. Мектептің белсенді оқушысы.

Гүлсезімге 7 сыныптан география пәнінен сабақ бере бастадым. Әпкемнің немересі болғандықтан зеректігін бала күнінен жақсы білетінмін. Бастапқыда тілдік шеберлігі мен есте сақтау қабілетін ескере отырып «Сөзақ ауданында жасанды-қорғаншылықты орман алқаптарын отырғызудың маңыздылығы» тақырыбында ғылыми жұмысқа тарттым. Оқушымы бірінші жылы-ақ ауданнан жарық етіп бірінші орынды жылып түсті, облыстық кезеңде үшінші орынды иеленді. Келесі жылы экологиялық бағыттағы жарыстарда облыс төрінен бірнеше рет орын алып келді. Сегізінші сыныптан бастап пәндік олимпиадаға тарта бастадым, жетістігі жоғары болды: бірінші, екінші орындарға иелік етіп отырды. Ауыл олимпиадасы біз үшін жаңа белеске көтерілудің жаңа кезеңі деген болар едім. Себебі, Гүлсезім Астана қаласында болған үшінші (республикалық) кезеңнен ерекше әсермен орады. Білім жолдарында ең мықтылар арасында, «мыңнан жүйрік болу» барлық күрделі іс-тәжірибелерді сүрінбей өту, өзінмен өзің қалғанда-өзіңе ғана сеніп әрекет ету-білімнің өмір жолында аса маңызды азық екенін терең түсініп қайтқандығын айтып өтті. Еліміздің түпкір түпкірінен жаңа достар тауып, қимастықпен қоштасқандарын, замандастарының бойындағы талант пен дарынға, білім мен дағдыға тәнті болғандығын жасырмады.

Гүлсезімге білім көкжиегін терең бойла, білім сайысында алғыр бол, еліміздің болашағы білімді, дарынды, талантты ұрпақтар қолында дегім келеді.

Үшінші (республикалық) олимпиада қорытындысы бойынша қатысушылардың жалпы санының 45% - нан құралатын жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталды. Олар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталды. Сондай-ақ, барлық қатысушыларға сертификаттар және естелік сыйлықтар берілді.

Сонымен қатар, жеңімпаздарға еліміздің бірқатар ЖОО ректорлық гранттары табысталды.

Айта кетсек, III кезеңнің барлық қатысушылары «Дарын» республикалық сыртты мектебіне қабылданатын болады. Сонымен қатар, I дәрежелі диплом иегерлері 2024 жылғы жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қорытынды кезеңіне қатысады.

Ауыл мектептері үшін бұл мүмкіндіктерді жіберіп алмаңыз, сіздің де оқушыңыз осы қатарда тұрсын құрметті әріптестер.

**Сәуле ЕРМАНОВА,**  
**Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінің география пәні мұғалімі.**



## Сырлы Сөзақ, жырлы Сөзақ-бұл Сөзақ

Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Туып-өскен жерінің тарихын танып, табиғатын қызғыштай қорғай білген, сол жердің мәдениеті мен әдебиетін, тарихымен экономикасын гүлдендіру жолында қызмет еткен адамдарын танып, құрметтей білген адам Отанын да шексіз сүйетін нағыз патриот болатыны сөзсіз. Осы орайда, А.Байтұрсынұов атындағы жалпы білім беретін мектебі кітапханасында «Оқуға құштар мектеп жобасы» аясында «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» негізделген, «Сырлы Сөзақ, жырлы Сөзақ,-бұл Сөзақ» атты әдеби қонақжай шарасы өткізілді. Мақсаты: оқушылар арасында өлкеміздің әдебиетін, мәдениетін, тарихын дәріптей отырып, еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, халықтың ыстық ықыласына бөленіп жүрген қаламгерлеріміздің өрнегі мол жырларын оқуға насихаттау, олардың өнегелі өмір жолдарын, шығармаларын, ескелең ұрпаққа өнеге тұтып, жастардың кітап оқуға деген құлшынысын арттыру. Әдеби қонақжайдың қонақ-

тары талантты жерлес-ақындарымыз, Қазақстан Журналистер, Жазушылар одағының мүшелері, бірнеше жыр жинағы мен прозалық еңбектерімен танымал қаламгерлер-Гүлнар Өмірбек пен Мақсат Қарғабай. Әдеби қонақжайлық кешті мектеп директорының міндетін уақытша атқарушы Н.Тәңірбергелі ашып, кеш қонақтарына алғысын білдірді.

Іс-шара барысында кітапханашылар «Туған өлке-жұмбақ өлке» атты өлке туралы видео шолумен таныстырып, «Әдеби Сөзақ әлемі» атты кітап көрмесін ұсынды. «Өлке өрнегі өлеңде» атты бөлімде-8 «ә» сынып оқушылары, (сынып жетекшісі Ж.Жақсылықова) жергілікті ақындардың шығармаларын мәнерлеп оқып, Төлеген, Сүгір күйлерін орындады, «Ақын елдің ардағы» атты сыр-сұхбат бөлімінде кеш қонақтары оқушылардың қойған сұрақтарына жауап бере отырып, өлке әдебиеті мен өз шығармашылықтары жайында әңгімеледі. Кеш соңында ақын М.Қарғабай мектеп оқушыларына арнаған арнауын домбырамен орындап берді.

**Зылиха МЫҢЖАСАРОВА,**  
**А.Байтұрсынұов атындағы жалпы білім беретін мектебі кітапханасының меңгерушісі.**

## Кітапхана-білім мазмұнының ресурстық орталығы

Ертеңі бар елдің жастарын өркеніт әлеміне бастап жол көрсету, мәдениет кешінен қалдырмай, артымызға тәрбиелі, білімді ұрпақ қалдыру ісіне жағдай жасап ықпал көрсету әр кітапханашының алға қойған мақсаты мен мүддесі. Оқушыларымыздың қызығушылығын танытып, белгіленген және арнайы тақырыптар бойынша көз тартатындай көркем безендірілген, терең мазмұнды ашық көлемде жаңа кітаптарды таныстыру мақсатында мектеп кітапханасының меңгерушісі Г.Рыстыбаева директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Сәтмахановпен бірлесіп отырып «Кітапхана-білім мазмұнының ресурстық орталығы» тақырыбында 5 сынып оқушыларымен библиографиялық шолу ұйымдастырылды. Мектеп кітапханасының қорына жаңадан қосылған көркем әдебиеттер таныстырылды. Биылғы жылы «Жыл тандау- 2024» «Бір ел-бір кітап» акциясы аясында «Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл» толуына байланысты Бердібек Соқпақбаевтың өміріне тоқтала кетіп, «Балалық шаққа саяхат» повесін-өмірбаяндық туынды ретінде оқырмандарға шолу жасалды. Оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыруда мектеп кітапханасының алатын орны ерекше. Іс-шара бары-



сында оқушылар жаңа кітаптармен танысумен қатар «Сөз ойла, тез ойла» ойыны арқылы «кітапхана» сөзіне талдау жасап, жаңа сөздер құрастырды. Оқыған ертегілерінен үзінділер айтты. Іс-шара соңында оқушылар кітап қорына жаңадан қосылған Ж.К.Ройлиннің «Харри Поттер мен жасырын бөлме» шығармасын оқып, оқырмандар конференциясын өткізуді ұсынды.

**Г.РЫСТЫБАЕВА,**  
**Қ.Кемелұлы атындағы жалпы білім беретін мектептің кітапхана меңгерушісі.**

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Сөзақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**Директордың уақытша міндетін атқарушы:**  
Теңізбаев Сәрсенбек  
Сайлаубекұлы

**Бас редактор:**  
Теңізбаев Сәрсенбек  
Сайлаубекұлы

Жауапты хатшы:  
Мақсат Қарғабай

**Редакция құрамы:**  
Аға тілші-  
Нұржамал МАЙУСОВА  
Тілшілер-  
Данияр БЕКОВ  
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ  
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ  
Дизайнер-  
Асхан БАҚТЫБАЕВ  
Терімші-  
Бағила АЯЗБАЕВА  
Фототілші-  
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады

Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
3300 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.